

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің экономикалық факультетінің 60 жылдығына арналған «Жаңа болмыс жағдайында экономика және қоғам» Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары, 25 мамыр 2023 жыл, II бөлім= **Материалы** Международной научно-практической конференции «**Экономика и общество в условиях новой реальности**», посвящённой 60-летию экономического факультета Казахского агротехнического исследовательского университета имени С.Сейфуллина, 25 мая 2023 год, II часть = **Materials** of the International scientific and practical conference «**Economy and Society in a new reality**» dedicated to the 60th anniversary of the Faculty of Economics of the S. Seifullin Kazakh Agrotechnical Research University, May 25, 2023, II part. – 2023. – Ч.1. – Б.128-132

## **АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ КӘСІПОРЫНДАРЫНДА ЕСЕПТІК - ТАЛДАМАЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ЗАҢДЫҚ РЕТТЕЛУІ**

ӘОЖ 338.24.01 (045)

*Кулекешова А.Б., магистр, аға оқытушы  
С.Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ, Астана қ.*

Ауыл шаруашылығының тиімді дамуы ең алдымен оның есептік- талдау жүйесінің дұрыс қалыптасуынан басталады. Оны қарастырмастан бұрын жалпы Қазақстан Республикасының есептік жүйесін реттейтін заңдық- нормативтік құжаттарға шолу жасау керек. Төмендегі 1-ші суретте бухгалтерлік есеп саласындағы нормативтік құқықтық актілер жиынтығы «Құқықтық актілер туралы» ҚР заңының 10 бабына сәйкес топтастырылған [1].



Сурет 1. Есептік жүйені реттейтін нормативтік актілер иерархиясы

1-ші суреттегі мәліметтер ҚР «Құқықтық актілер» заңына сәйкес берілгенімен, кәсіпорындардың бухгалтерлік есебі: ұйымның құрылу нысанына, өндірістік немесе басқада қызметтің ұйымдастырылуына,

қабылданған есепті жүргізу тәртібіне, кәсіпорынның сыртқы және ішкі байланыстарына сәйкес нақтылануы мүмкін. Ал ауыл шаруашылығына келетін болсақ, мұндағы нормативтік база салалық мақсаттарда қалыптастырылады.

Ауыл шаруашылығындағы есептік-талдамалық жүйені реттейтін нормативтік базаны зерделейтін болсақ, З.В.Удалова мақаласында берілген үлгіні негізге ала отырып келтіруге болады [2].

Кесте 1 - Ауыл шаруашылығында есептік-талдамалық жүйенің қалыптасуына септігін тигізетін нормативтік база

№	Нормативті актілер атауы	Сипаттамасы
1	Заң және Ресми органдар үкімдері мен бұйрықтары	Ауыл шаруашылығындағы бухгалтерлік есепті жүргізуді реттейді
2	Халықаралық қаржылық есептілік және ұлттық қаржылық есептілік стандарттары	Ауыл шаруашылығындағы қаржылық, басқару және статистикалық есепті реттейді
3	Ауыл шаруашылығы саласында стратегиялық мақсатындағы ҚР Үкіметінің және министрліктердің үкімдері мен бұйрықтары	Ауыл шаруашылығының стратегиялық дамуын, стратегиялық басқару есебінің дамуын реттейді
4	Ауыл шаруашылық салалары бойынша жергілікті органдар актілері	Салалық есепке алу мәселелерін реттейді, ауыл шаруашылығы ұйымдарында есептік-талдамалық жүйені ұйымдастыру кезінде ерекшелікті ескеруге мүмкіндік береді

Ауыл шаруашылығында бухгалтерлік есепті жүргізуде халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын қолдануда кемшіліктер болып тұр. Әсіресе 41 «Ауыл шаруашылығы» ХҚЕС стандарты бойынша жұмыс жасауды тек ірі агрохолдингтер мен орта бизнес субъектілері ғана қолданады. Ал негізгі ауыл шаруашылық кәсіпорындар негізінен шаруа қожалықтары болғандықтан, олардың есебі көбінесе шағын бизнес субъектілерін реттейтін құжаттарға сүйеніп, ұлттық қаржылық есептілік стандарттарына негізделіп отыр. Бірақ шаруа қожалықтары көбіне жеке кәсіпкер ретінде құрылғандықтан, олар бухгалтерлік есебін де жүргізбеуі мүмкін. Міне осы тарапта ауыл шаруашылығы бойынша есептік-талдамалық жүйенің мүлде болмауы мүмкін.

ХҚЕС және ҰҚЕС байланысы мен айырмашылығын білу үшін, төмендегі 2 -ші кестеде оларға салыстырмалы сипаттама берілген.

Кесте 2 - Халықаралық және ұлттық қаржылық стандарттардың базалық айырмашылығы

№	Салыстыру аумағы	ХҚЕС	ҰҚЕС
Жалпы сипаттамасы бойынша			
1	Қолдану аясы	Шағын бизнес-міндетті емес;	Тек ҚР резиденттері

		Орта бизнес ; Ірі бизнес	болып табылатын шағын бизнес субъектілері мен шете валютасын сатумен/айырбастаумен айналысатындар
2	Саны	25 дана - MSFO IAS 17 дана- MSFO IFRS	1 ғана құжат – ҚР Қаржы министрінің бұйрығымен қабылданған
3	Қаржылық есептілік нысандары	Қаржылық есептілік нысандарының толық нысандарын қамтиды	Тек қысқартылған нысанда жүргізіледі.
4	Қағидалары мен қаржылық есептіліктің сапалық сипаттамасы	Есептеу және үздіксіздік қағидалары. Негізгі сапалық сипаттамаларына: сәйкестік және шынайы өкілдік. Тиісті және шынайы ұсынылған ақпараттың пайдалылығын арттыратын сапалық сипаттамаларына: салыстыру, тексерілу, уақтылығы және түсінігі.	Есептеу және үздіксіздік қағидалары.
Ауыл шаруашылығында қолданылуы бойынша			
5	Қорларға қатысты	Биологиялық активтер жіктемесі берілген	Тек қорлар ретінде ғана көрсетілген
6	Активтерді бағалау	Нарықтық әдіс - әділ құнды жеткілікті сенімділік деңгейімен анықтау мүмкін болмаған жағдайларды қоспағанда, болжамды өткізу шығыстарын шегергендегі әділ құн бойынша бағаланады (мұндай жағдайда актив тозу мен құнсызданудан болған шығындарды шегергендегі құны бойынша бағаланады)	Тарихи (бастапқы) - бухгалтерлік есепке нақты құны бойынша қабылданады
7	Пайда мен залалдарды есепке алу	Таза пайданы немесе шығынды анықтау кезінде ауылшаруашылық өнімдерінің әділ құнын, сондай-ақ биологиялық активтердің әділ құнының өзгеруін ескеру қажет	Жалпы пайданы немесе залалды анықтау кезінде ауылшаруашылық өнімдерін сатудан түскен кірісті, сондай-ақ оның нақты өндіріс және сату шығындарын қамтитын толық өзіндік құнын ескеру қажет
8	Ақпараттарды ұсыну және ашу	Баланстық құн туралы ақпаратты ұсыну бухгалтерлік баланстың	Баланс туралы ақпаратты ұсыну

	жеке жолында биологиялық активтердің жалпы сомасын ашу; биологиялық активтер мен ауыл шаруашылығы өнімін бастапқы тану кезінде, сондай-ақ биологиялық активтердің әділ құнының өзгеруінен туындайтын пайданың немесе залалдың жалпы сомасын ашу; қаржылық есептілікте және т. б. танылатын мемлекеттік субсидиялардың сипаты мен сомасын ашу	бухгалтерлік баланстың жеке жолындағы негізгі құралдардың құнын көрсету; бухгалтерлік баланстың жеке жолында ауыл шаруашылығы өнімінің баланстық құны туралы ақпаратты ұсыну; ауыл шаруашылығы өнімін сатудан түскен жалпы пайданы кірістер мен шығыстар туралы есепте ашу (толық өзіндік құнын шегергендегі нетто кірісі) және т. б.
--	--	---

Кестеде берілген ақпараттарды зерделей отырып, шаруа қожалықтары халықаралық стандарттар талаптарын орындамақ түгел, оның бар екенін, қолдануын да білмейтіні анық. Өйткені ұлттық қаржылық есептілігі стандарттының ең жаңа нұсқасы 2013 жылы қабылданған, ал халықаралық қаржылық есептілік стандарттары әрдайым жаңарып, талапқа сәйкес келмейтіндерінің күшін жойып немесе өзгерістер мен толықтырып отырады. Сондықтан еліміздің бухгалтерлік есеп саласын реттейтін уәкілетті органдар осы жағдайды ескере отырып, ауыл шаруашылығы бойынша есептік-талдамалық жүйенің дұрыс қалыптасуына әсерін тигізер еді.

Тағы да бір ескеретін жағдай, жалпы есептік -аналитикалық жүйе анықтамасы жайлы. Шетелдік ғылымдардың кейбіреулерінде есептік -талдамалық жүйені есептік немесе есептік емес көздерге негізделген есептік, талдамалық және бақылау жүйелерін білдірсе, ал енді басқалары оны жедел, тактикалық және стратегиялық басқару мақсатында есептіліктердің мәліметтерін хронологиялық қағидамен жинақтау, ақпараттарды өңдеу және қалыптастыруын білдіреді. Көбінесе есептік-талдамалық жүйе ақпараттары негізгінен бухгалтерлік есеп мәліметтерінен тұрады деп келтіреді. Мұның жаны бар. Шынында бухгалтерлік есеп мәліметтерінің негізінде қаржылық есептілік, салықтық есептілік және статистикалық есептіліктер қалыптастырылып, уәкілетті органдарға тапсырылады. Дегенмен, 2007 жылда «Бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есептілік туралы» ҚР заңы қабылданғаннан кейін, ірі бизнес секторының субъектілері ХҚЕС көшкеннен кейін, ҚР-да бухгалтерлік есептің ішкі бөлімшелері пайда болды. Олар: қаржылық есеп, басқару есебі және салық есебі. Қазіргі таңда статистика ғылымының жеке дамуына байланысты статистикалық есепті бухгалтерлік есептің ішкі бөлімшесіне қоспайды. Бірақ мұнымен келіспеуге болады. Өйткені статистикалық есептілік те салық есебі сияқты бухгалтерлік есеп

мәліметтерінің негізінде қалыптастырылады. Сонымен қатар бухгалтерлік есептің маңызды ішкі есебі- басқару есебінің де ақпараттары ерекше орынға ие. Ал мұндай ақпараттар әсіресе шағын бизнес субъектілерінде мүлде жоқ, ал орта бизнес субъектілері оған көңіл бөлмей жүр.

Қорытындылай келе, еліміздің ауыл шаруашылығын тиімді дамыту үшін, оның есептік -талдамалық жүйесін жетілдіру қажет:

1) есептік -талдамалық жүйесін регламенттейтін нормативтік базаны реттеу керек;

2) есептік -талдамалық жүйені қалыптастыратын ақпараттар базасы-бухгалтерлік есеп жүйесін реттеу керек, яғни ішкі есеп бөлімдеріне толық көңіл бөле отырып;

3) ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының қаржылық және бухгалтерлік сауаттылығын жоғарлату мақсатында, мемлекеттік бағдарламаларды іске қосу қажет, бұл әсіресе шағын бизнес субъектілеріне арналған болу керек;

4) шалғай аудандардағы ауыл шаруашылық субъектілерін цифрландыру объектілерімен мемлекеттік оқыту бағдарламаларының негізінде таныстыру және қызмет жасау.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V Заңы (2023.12.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) [Электрондық ресурс] [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=38785268#activate\\_doc=2](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38785268#activate_doc=2)

2. Удалова, З.В. Нормативно-правовая основа формирования учетно-аналитического обеспечения управления сельскохозяйственными организациями. // Аудит и финансовый анализ - №6, - 2010 [Электронный ресурс] [02\\_05.pdf \(auditfin.com\)](https://auditfin.com/02_05.pdf)

3. Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары, 2021 жылғы нұсқасы. [Электрондық ресурс] : <https://www.gov.kz/memleket/entities/minfin?lang=ru>

4. Pall Rikhardsson, Ogan Yigitbasioglu. Business intelligence & analytics in management accounting research: Status and future focus. [International Journal of Accounting Information Systems, Volume 29](https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S1467089516300616), June 2018, - P. 37-58. [Электронный ресурс]: <https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S1467089516300616>